

Мазмұны

1-бап. Глоссарий	1
2-бап. Жалпы ережелер	2
3-бап. Сақтанушы	3
4-бап. Сақтандыру объектісі	3
5-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі	3
6-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыруды шектеу	4
7-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	5
8-бап. Сақтандыру сыйлықақысы, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері	6
9-бап. Франшиза	6
10-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	6
11-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	8
12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	9
13-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңіндегі сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары	11
14-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекеті	11
15-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	12
16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары	13
17-бап. Сақтандыру төлемі туралы немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі	14
18-бап. Сақтандырушыға Сақтанушының залалдарды өтеуге қатысты құқықтарының ауысуы (суброгация, регресс)	15
19-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	15
20-бап. Қосымша талаптар	16
21-бап. Дауларды шешу тәртібі	18

1-бап. Глоссарий

Сақтандыру ережелерінде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1. **Аффилирленген тұлғалар** – бір-бірі қабылдайтын шешімдерді тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) оларға, оның ішінде жасалған мәміленің күшіне қарай, ықпал ету мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (берілген өкілеттіктері шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда).
2. **Залалды өтеу** – сақтандырумен жабылған қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде келтірілген залалды Сақтандырушының Сақтанушыға толық немесе ішінара өтеуі.
3. **Қолданыстағы заңнама** – уәкілетті мемлекеттік органдар немесе олардың лауазымды адамдары қабылдаған нормативтік құқықтық актілерден тұратын Қазақстан Республикасының заңнамасы.
4. **Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі)** – осы сақтандыру ережелерінің талаптары негізінде «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ мен Сақтанушы арасында жасалатын және нақты сақтандыру объектісін сақтандыру талаптарын айқындайтын шарт. Сақтандыру шарты бойынша бір тарап (Сақтанушы) сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал екінші тарап (Сақтандырушы) сақтандыру жағдайы басталған кезде шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
5. **Құзыретті органдар** – өз құзыреті шеңберінде Сақтанушының залалдары туындаған мән-жайларды тергеп-тексеруге, қарауға байланысты не шешім қабылдауы нәтижесінде осындай залалдар туындаған кезде қажетті әрекеттер жасауға уәкілетті мемлекеттік органдар (оның ішінде төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік орган, өрт инспекциясы, азаматтық қорғаныс органдары, ішкі істер органдары, соттар және басқалар).
6. **Бағалаушы (тәуелсіз сарапшы)** – бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға.
7. **Сақтандыру қорғанысының кезеңі** – сақтандыру жағдайлары басталған жағдайда Сақтандырушыда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру міндеті туындайтын сәттен бастап, мұндай міндет тоқтатылатын сәтке дейінгі уақыт кезеңі.

8. **Тараптар** – өзге қаржылық залалдардан сақтандыру шартын жасаған Сақтандырушы мен Сақтанушы.
9. **Сақтанушы** – қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде залалға жол бермеуге мүдделі және Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан заңды немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға.
10. **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушы төлейтін ақша сомасы.
11. **Қосарлы сақтандыру** – бірнеше Сақтандырушыда бірдей мүддені сақтандыру, мұнда жалпы сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып түседі. Қосарлы сақтандыру болған жағдайда Сақтандырушылар сақтандырылатын мүдденің сақтандыру құны шегінде жауапты болады, және олардың әрқайсысы өзі жасаған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасына пропорционалды түрде жауап береді.
12. **Сақтандыру ұйымы (Сақтандырушы)** – уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.
13. **Сақтандыру сыйлықақысы** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу жөніндегі міндеттемелерді соңғысының қабылдағаны үшін Сақтанушының Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.
14. **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
15. **Сақтандыру актісі (сақтандыру жағдайы туралы акт)** – сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жасайтын және сақтандыру төлемін жүзеге асыруға негіз болып табылатын құжат.
16. **Сақтандыру жағдайы** – басталуына байланысты сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға.
17. **Сақтандыру тәуекелі** – басталу жағдайына сақтандыру жүзеге асырылатын болжамды қауіпті оқиға. Сақтандырумен жабылатын тәуекелдер шеңбері сақтандыру талаптарында қатаң түрде келісілген болуы тиіс.
18. **Сақтандыру тарифі** – Сақтандырушы белгілейтін, оны қолдану арқылы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы айқындалатын мөлшерлеме (сақтандыру сомасына пайыздық қатынаста айқындалады).
19. **Суброгация** – сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушының талап ету құқығының, сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға жүзеге асырылған сақтандыру төлемі шегінде ауысуы.
20. **Болашақта сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға** – Сақтанушының өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындамауы, заңнамалық актілердің, уәкілетті органдар талаптарының орындалмауы, Сақтанушы контрагенттерінің міндеттемелерді бұзуы, наразылықтар, Сақтанушының не үшінші тұлғалардың соңғысына қатысты құқыққа қарсы әрекеттер жасауы және т.б.
21. **Сақтандыру аумағы** – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы қолданылатын аумақ.
22. **Залал** – Сақтанушының қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруы нәтижесінде туындаған, мүліктің құнының төмендеуімен, жоғалуымен (оның ішінде қосымша шығыстармен), қалыпты айналым жағдайларында алуы мүмкін болған табысты алмауымен көрінетін нақты залал және жіберіп алған пайда.
23. **КЖ және ТҚ** – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру.

2-бап. Жалпы ережелер

1. Осы сақтандыру ережелерінің талаптарында «Еуразия» Сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) заңды және жеке тұлғалармен (бұдан әрі – «Сақтанушы») өзге қаржылық залалдардан сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша «сақтандыру шарттары») жасасады.
2. Өзге қаржылық залалдардан сақтандыру «Жалпы сақтандыру» саласының ерікті мүліктік сақтандыру сыныбы болып табылады. Өзге қаржылық залалдардан сақтандыру жұмыстан

айырылу, табыстан айырылу, қолайсыз табиғи құбылыстар, үздіксіз, күтпеген шығыстар, нарықтық құнның жоғалуы және қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесіндегі басқа да залалдар нәтижесінде залалдар туындаған кезде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейді.

3. Осы сақтандыру ережелері Сақтанушының қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесіндегі залалдар кезіндегі соңғысының мүліктік мүдделеріне байланысты өзге қаржылық залалдардан сақтандырудың тәртібі мен талаптарын көздейді, сақтандыру жағдайларын, сақтандыру жағдайларынан алып тастауларды, сақтандыру сомасын айқындау тәртібін және осы сақтандыру сыныбы бойынша өзге де талаптарды айқындайды.
4. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы сақтандыру шартында келісілген сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде, жұмыстан айырылу, табыстан айырылу, қолайсыз табиғи құбылыстар, үздіксіз, күтпеген шығыстар, нарықтық құнның жоғалуы және басқа да залалдар нәтижесінде туындауына байланысты, Сақтанушының қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруы нәтижесінде шеккен залалдары шегінде, бірақ сақтандыру шартында айқындалған сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайтын мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
5. Осы сақтандыру ережелерінің ережелері «Жалпы сақтандыру» саласы шегінде сақтандыру сыныптарын біріктіріп қолданған кезде, тиісті сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия болған жағдайда қолданылуы мүмкін.

3-бап. Сақтанушы

1. Сақтандыру шарты бойынша тек Сақтанушының өзінің тәуекелі ғана және тек оның пайдасына ғана сақтандырылуы мүмкін, яғни Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға және Пайда алушы бір тұлғада сәйкес келуге тиіс. Осы талапқа сәйкес келмейтін сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі.
2. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы қайта ұйымдастырылған кезде оның осы шарт бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалған тәртіппен тиісті құқық мирасқорына ауысады.
3. Сақтанушы қайтыс болған жағдайда (егер ол азамат болса), оның сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен мүлікті қабылдаған тұлғаға ауысады.
4. Сақтандыру шарты бойынша шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтар, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын азаматтар мен заңды тұлғалар үшін осы сақтандыру ережелерінде көзделген құқықтарды дәл сондай көлемде иеленуге және дәл сондай міндеттерді орындауға құқылы.

4-бап. Сақтандыру объектісі

Сақтандыру объектісі болып Сақтанушының жұмыстан айырылу, табыстан айырылу, қолайсыз табиғи құбылыстар, үздіксіз, күтпеген шығыстар, нарықтық құнның жоғалуы және қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесіндегі басқа да залалдар туындау тәуекеліне байланысты мүліктік мүдделері табылады.

5-бап. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

1. Сақтандыру жағдайы – басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы белгілеріне ие, сақтандыру шартында көзделген, оның басталуымен Сақтандырушыда Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеті туындайтын оқиға.
2. Осы сақтандыру ережелеріне сәйкес жасалған сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде (бір сақтандыру жағдайы не жиынтығы бойынша бірнеше жағдай) Сақтанушының қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде залалдардың туындау тәуекелі сақтандырылуы мүмкін:
 - 1) жұмыстан айырылу нәтижесіндегі залалдар;
 - 2) табыстан айырылу нәтижесіндегі залалдар;
 - 3) қолайсыз табиғи құбылыстар нәтижесіндегі залалдар;
 - 4) үздіксіз, күтпеген шығыстар нәтижесіндегі залалдар;
 - 5) нарықтық құнды жоғалтудан болған залалдар;

- б) мынадай жағдайлардың салдарынан өндірістік процестің мәжбүрлі тоқтауы немесе оның көлемінің қысқаруы:
 - а) мүліктің жоғалуы (жойылуы) немесе бүлінуі;
 - б) техногендік сипаттағы авария;
 - в) төтенше және еңсерілмейтін мән-жайлар;
 - г) дүлей зілзала.
3. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартында осы баптың 2-тармағында көрсетілмеген сақтандыру тәуекелдері мен оқиғалары көрсетілуі мүмкін.
4. Сақтандырылған тәуекелдер мен оқиғалардың нақты тізбесі сақтандыру шартында айқындалады.

6-бап. Сақтандыру жағдайларынан алып тастаулар және сақтандыруды шектеу

1. Сақтандыру жағдайы болып табылмайды және егер Сақтанушының қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесіндегі залалдары мынадайлардың салдарынан туындаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды:
 - 1) соғыс; басып кіру; шет мемлекеттің дүшпандық әрекеттері; соғыс немесе соларға ұқсас операциялар (соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан) немесе азаматтық соғыс;
 - 2) бүлік; ереуіл; локауттар; халық көтерілісіне ұласатын немесе соған дейін ұлғаятын азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери басып алу немесе узурпациялау; мүлікті тәркілеу; реквизициялау немесе ұлттандыру;
 - 3) сақтандыру шарты жасалғанға дейін сақтандыру қорғанысы аумағының дүлей зілзала аймағы деп жариялануы кезіндегі дүлей зілзалалар;
 - 4) радиоактивті сәулелену немесе ядролық отынды жағудан қалған радиоактивті отынмен не радиоактивті қалдықтармен ластану;
 - 5) сақтандыру жағдайынан туындамаған шығыстар;
 - 6) Сақтанушының залалдың алдын алу не оны азайту жөнінде шаралар қабылдамауы, оның ішінде және ең алдымен осы сақтандыру ережелерінде және/немесе сақтандыру шартында көзделген міндеттерді орындамауы;
 - 7) Сақтанушының, оның жұмыскерлерінің және аффилиирленген тұлғаларының сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана әрекеттері (әрекетсіздігі);
 - 8) заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен Сақтанушы әрекеттерінің сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылуы;
 - 9) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарды (келісімдерді) жасасуы, ратификациялауы, мемлекеттік актінің, нормативтік-құқықтық (заңнамалық) актінің қабылдануы, соның салдарынан Сақтанушының қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруы нәтижесінде залалдардың туындауы;
 - 10) Сақтанушының көрінеу заңсыз, заңға қайшы талаптары не әрекеттері (әрекетсіздігі);
 - 11) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның сақтандыру шартының және/немесе ол бойынша сақтандыру қорғанысының мерзімі аяқталғаннан кейін басталуы;
 - 12) мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың талап-арыздары;
 - 13) Сақтанушының сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер беруі, бұл Сақтандырушының осы сақтандыру шартын жасау туралы шешім қабылдауына әсер еткен болса;
 - 14) Сақтанушының сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы Сақтандырушыға хабарламауы және тиісінше Сақтандырушының сақтандыру шартының талаптарын өзгертпеуі және қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етпеуі;
 - 15) Сақтанушының оқиға мән-жайларын не Сақтанушының, олардың өкілдерінің, жұмыскерлерінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) қылмыстық жазаланатын не өзге де құқыққа қарсы іс-әрекет белгілерінің болуын құжаттауға қатысты шаралар қабылдамауы;
 - 16) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның мән-жайларын тергеп-тексеруіне және келтірілген залал мөлшерін анықтауына кедергі келтіру;

- 17) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның өкілдердің, Сақтанушының салғырттығы не олардың сақтандыру жағдайының басталуына бағытталған қасақана әрекеттері нәтижесінде басталуы;
- 18) валюталардың айырбасталмауы, ақша аударымдарына немесе тауар жеткізілімдеріне тыйым салу немесе шектеу қою, банкаралық төлемдердің кешіктірілуі.
2. Сақтандырушы мынадай мән-жайлар басталған кезде Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
 - 1) Сақтанушының залалды келтіруге кінәлі тұлғадан тиісті залал өтемін алуы;
 - 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуы үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі әлдеқашан жүзеге асырылған болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
- 3) Сақтанушының осы сақтандыру ережелерінде және сақтандыру шартында көзделген өз міндеттерін орындамауы.
3. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан алып тастаулардың өзге тізбесі және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.
4. Сақтандырушы мыналар үшін сақтандыру төлемін жүргізбейді:
 - 1) айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы сомалары және төлемдерді кешіктіргені немесе жұмыстарды орындағаны үшін өзге де ұқсас шығыстар;
 - 2) жанама коммерциялық шығындар;
 - 3) шартты валюталық бірліктердегі құнды есептеу кезіндегі бағамдық айырма;
 - 4) моральдық зиян және іскерлік беделге келтірілген зиян;
 - 5) сот шығындары.
5. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға міндетті:
 - Сақтанушының/ Сақтандырылған тұлғаның/ Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалардың тізбесінде болуы (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі);
 - Сақтанушының/сақтандырылғанның тиісті тексеруді жүргізу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалып жатыр деп пайымдауға негіздер болған кезде.
6. Егер Сақтанушы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген нормаларды бұзса, Сақтандырушы Сақтанушыны алдын ала хабардар ете отырып, өзіне бұзушылықтар туралы белгілі болған күннен бастап бір ай ішінде көрсетілген бұзушылықтар жойылғанға дейін сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтатуға құқылы.

7-бап. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі

1. Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған ақша сомасы және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіреді.
2. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімі бойынша Сақтанушы ұсынған мәліметтердің, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасу сәтінде Сақтанушы толтырған белгіленген нысандағы өтініш-сауалнаманың негізінде айқындалады.
3. Сақтандыру шартында мыналар белгіленуі мүмкін:
 - 1) жалпы сақтандыру сомасы – сақтандыру қорғанысының бүкіл қолданылу кезеңіндегі барлық сақтандыру жағдайлары бойынша жиынтық шекті жауапкершілік көлемі;
 - 2) әрбір немесе бірнеше сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру сомасы;
 - 3) әрбір сақтандыру жағдайы бойынша не сақтандыру жағдайларының тобы бойынша сақтандыру сомасы;
 - 4) сақтандыру сомаларының өзге түрлері.
4. Жалпы сақтандыру сомасы айқындалған сақтандыру шарттарын жасасу кезінде тиісті сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін жалпы сақтандыру сомасы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азаяды.

8-бап. Сақтандыру сыйлықақысы, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері

1. Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушының сақтандыру төлемін сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерді қабылдағаны үшін Сақтанушының Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру тәуекелінің сипаты мен дәрежесіне қарай есептеледі.
2. Сақтандырушы төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау кезінде сақтандыру тәуекелінің дәрежесіне әсер ететін факторларға байланысты айқындалатын сақтандыру сыйлықақыларына арттырушы және төмендетуші коэффициенттерді қолдануға құқылы.
3. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушы тарапынан біржолғы тәртіппен немесе бөліп төлеу арқылы мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде, қолма-қол немесе қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге жатады.
4. Егер Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) сақтандыру шартында келісілген мерзімдерде төлемесе, Сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын бұзған күннен бастап сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға не өз қалауы бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылуын тоқтата тұруға құқылы, бұл ретте сақтандыру қорғанысы қолданылуы қайта басталғаннан кейін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының мерзімдері Сақтандырушы тарапынан ұзартылмайды және көрсетілген кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.
5. Егер сақтандыру жағдайы төлеу мерзімі өтіп кеткен белгілі бір сақтандыру жарнасы төленгенге дейін басталса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын не бүкіл сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру төлемі мөлшерінен мерзімінен бұрын ұстап қалуға құқылы.
6. Егер сақтандыру шартының қолданылуы төлемнің уақтылы жасалмауына байланысты тоқтатыла тұрған болса, Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын не кезекті сақтандыру жарнасын кешіктіріп төлеуі салдарынан тоқтатылған сақтандыру шарты қайта жаңғыртылуы мүмкін. Бұл ретте сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ұзартылмайды. Сақтандырушы тоқтатылып тұрған сәттен бастап қолданылуы қайта жаңғыртылған сәтке дейінгі кезеңде сақтандыру шарты бойынша жауапты болмайды және көрсетілген кезеңде болған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.

9-бап. Франшиза

1. Франшиза – сақтандыру талаптарында көзделген, белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден Сақтандырушыны босату.
2. Франшиза шартты (шегерілмейтін) және шартсыз (шегерілетін) болады. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері осы сомадан артық болса, залалды толық өтеуге тиіс. Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда белгіленген соманы шегере отырып өтеледі.
3. Франшизаның мөлшері сақтандыру шартында келісіледі және не сақтандыру сомасына пайызбен, не абсолюттік мөлшерде белгіленеді.

10-бап. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

1. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініш-сауалнамасының, сондай-ақ осы сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтанушы ұсынған мәліметтер мен құжаттардың негізінде жасалады.
2. Сақтанушы толтырған өтініш-сауалнама сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.
3. Сақтандыру шартын жасасқанға дейін Сақтанушы Сақтандырушыға толық, дұрыс мәліметтерді мынадай құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып ұсынуға тиіс:
 - 1) заңды тұлға-резиденттер үшін құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті, салық төлеуші куәлігін қоса алғанда), акционерлер тізілімінен үзінді көшірме (акционерлік қоғамдар үшін), заңды тұлға-бейрезиденттер үшін сауда тізілімінен үзінді көшірме, сондай-ақ заңдастырылған құрылтай құжаттары; жеке тұлға-резиденттер үшін – жеке куәлік,

- жеке кәсіпкерді тіркеу туралы куәлік (бар болған жағдайда), жеке тұлға-бейрезиденттер үшін – дәл сондай құжаттар, белгіленген тәртіппен заңдастырылған;
- 2) лицензияланатын қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензиялар;
 - 3) сақтандыру шарты жасалғанға дейінгі соңғы бір жыл үшін бюджет алдындағы берешектің, сондай-ақ қарыздық берешектің жоқ екені не бар екені туралы анықтама;
 - 4) алдыңғы үш қаржы жылы үшін жылдық қаржылық есеп (жаңадан құрылған тұлға үшін – бухгалтерлік баланс);
 - 5) контрагенттермен жасалған шарттар туралы, шарттың нысанасына, орындау мерзімдеріне, шарт сомасына, тараптардың міндеттемелеріне қатысты ақпаратты растайтын құжаттар;
 - 6) контрагенттер алдындағы берешек туралы, оны өтеу мерзімдері, оның қандай шарттар бойынша және қандай себеппен пайда болғаны туралы ақпаратты растайтын құжаттар;
 - 7) сақтандыру кезеңін қамтитын немесе қамтитын бизнес-жоспар;
 - 8) жұмыс орны, лауазымы, жұмыс кезеңі, басқа жұмысқа ауысу себептері туралы, еңбек қызметі басталған сәттен бастап өтініш-сауалнаманы толтырған сәтке дейінгі мәліметтерді растайтын құжаттар, білімі туралы құжаттың көшірмесі (жұмыстан айырылудан сақтандыру кезінде);
 - 9) сақтандырылатын тәуекелдердің әрекеті нәтижесінде өткен жылдардағы залалдардың себептерін растайтын құжаттар.
4. Сақтандырушы өтініш-сауалнаманың нысанын және сұратылатын мәліметтерді өзгертуге құқылы.
5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болуы мүмкін залалдардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) айқындау үшін елеулі маңызы бар, Сақтанушыға белгілі мән-жайлар туралы хабарлауға міндетті. Мынадай мән-жайлар елеулі деп танылады:
- 1) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы (егер ол азамат болса) немесе оның атауы, заңды мекенжайы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса);
 - 2) талаптарының өзгеруі Сақтанушының залалдарына әкеп соғуы мүмкін Сақтанушының кәсіпкерлік (қаржы-шаруашылық) қызметі туралы мәліметтер;
 - 3) Сақтанушының кәсіпкерлік (қаржы-шаруашылық) қызметі талаптары туралы, сондай-ақ Сақтанушының кәсіпкерлік (қаржы-шаруашылық) қызметімен байланысты міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері туралы мәліметтер (қажетті құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып);
 - 4) сақтандыру объектісі және сақтандыру құны туралы мәліметтер;
 - 5) сақтандыру аумағы және әлеуетті Сақтанушы қызметінің аумағы туралы мәліметтер;
 - 6) шарттың және сақтандыру қорғанысы кезеңінің қолданылу мерзімі;
 - 7) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 8) сақтандыру шартын жасасуға дейінгі кемінде 3 жыл кезеңдегі Сақтанушының сақтандыру статистикасы туралы мәліметтер.
6. Сақтанушы сондай-ақ сақтандыру тәуекелін айқындау мақсатында Сақтандырушы қойған сұрақтарға жауап беруге міндетті.
7. Ақпарат пен құжаттардың дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілікті Сақтанушы көтереді.
8. Егер сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушының қандай да бір сұрақтарына жауаптары болмаған кезде жасалған болса, соңғысы кейіннен тиісті мән-жайлар Сақтанушы тарапынан хабарланбады деген негізбен сақтандыру шартын бұзуды не оны жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.
9. Егер сақтандыру шарты жасалғаннан кейін Сақтанушының осы баптың 3 және 5-тармақтарында көрсетілген мән-жайлар туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге не сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
10. Егер Сақтанушы жасырған мән-жайлар әлдеқашан жойылған болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды.

11. Сақтанушы Сақтандырушыны сақтандырылған тұлғаларға қатысты наразылықтардың, сот талаптарының бар екендігі, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиғалар туралы хабардар етуге міндетті.
12. Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушы біржақты тәртіппен әзірлеген осы сақтандыру ережелеріне қосылуы (қосылу шарты) және Сақтандырушының Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жазбаша нысанда жасалады.
13. Сақтандыру полисі мыналарды қамтуға тиіс:
 - 1) Сақтандырушының атауын, орналасқан жерін және банктік деректемелерін;
 - 2) Сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және тұрғылықты жері (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер ол заңды тұлға болса); сақтандыру агентінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), байланыс телефонының нөмірі және жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері, байланыс телефонының нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі (егер ол Қазақстан Республикасының резиденті заңды тұлға болса);
 - 3) сақтандыру объектісін көрсету;
 - 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
 - 5) сақтандыру сомасының мөлшерлерін, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдерін;
 - 6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлерін, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдерін; сақтандыру агентіне тиесілі комиссиялық сыйақының бар-жоғы туралы көрсетуді;
 - 7) Сақтандыру полисін жасасу күнін, қолданылу мерзімін және сақтандыру қорғанысының мерзімін;
 - 8) егер олар сақтандыру қатынасына қатысушы болса, Сақтандырылған тұлға мен Пайда алушы туралы мәліметтерді;
 - 9) Сақтандыру полисінің нөмірін, сериясын;
 - 10) Сақтандыру полисі талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібін; Сақтанушының шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер мүліктік сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлау міндетін (осы Кодекстің 834-бабының 1-тармағы);
 - 11) сақтандыру сомасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының валютасының түрін;
 - 12) Сақтанушының сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсетуді;
 - 13) егер Сақтандырылған тұлға (Пайда алушы) сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы болып табылмаса, сақтандыру шартында оны көрсету жағдайында Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және экономика секторын көрсетуді.
14. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру шартының көшірмесін береді, содан кейін жоғалған сақтандыру шарты жарамсыз болып есептеледі және ол бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді. Сақтандыру полисінің бланкін дайындауға және оның көшірмесін рәсімдеуге жұмсалатын шығыстарды Сақтанушы өтейді, бұл ретте өтелетін шығыстардың жалпы сомасы өтініш берілген күнге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 1 (бір) айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

11-бап. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

1. Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын, ал оны бөліп төлеген кезде – алғашқы сақтандыру жарнасын төлеген сәттен бастап не сақтандыру шартында айқындалған мерзімде күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болады.
2. Сақтандыру шарты алғашқы басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған сәттен бастап өз қолданылуын тоқтатады.
3. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

4. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) тек сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

12-бап. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушының құқығы бар:
 - 1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы туралы ақпарат беруді талап етуге;
 - 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы мөлшері (жауапкершіліктің шекті көлемі) шегінде сақтандыру төлемін алуға;
 - 3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібімен қорғауға;
 - 4) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
 - 5) Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту туралы шешіміне дау айтуға;
 - 6) сақтандыру полисі жоғалған кезде осы сақтандыру ережелерінде көзделген тәртіппен оның көшірмесін алуға;
 - 7) осы сақтандыру ережелерінде көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
2. Сақтанушы міндетті:
 - 1) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының сақтандыру шартын жасау туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар, өзіне белгілі барлық мән-жайлар туралы хабарлауға;
 - 2) басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және/немесе жасалып жатқан барлық сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға;
 - 3) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
 - 4) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы Сақтандырушыны сақтандыру шартында белгіленген мерзімде хабардар етуге;
 - 5) сақтандыру жағдайынан болатын залалдардың алдын алу немесе оларды азайту жөнінде барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдауға;
 - 6) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пайым жасауға мүмкіндік беретін, өзінде бар барлық ақпаратты ұсынуға;
 - 7) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;
 - 8) сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оның келтірген залалдарын дәлелдеуге;
 - 9) өзінің қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы туралы Сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;
 - 10) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз етуге.
 - 11) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруді қоса алғанда, жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді сақтау мерзімін Сақтандырушы дербес деректерді одан әрі сақтау қажеттілігі жойылғанға дейін айқындайды және 10 жылды құрайды. Дербес деректерді пайдалану Қоғамның не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауы, сондай-ақ тұтастай Қоғам қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.
 - 12) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге дерекқорларда және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімін растайды.
 - 13) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғадан (Пайда алушыдан) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге келісімін, сондай-ақ дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге дерекқорларда және картотекаларда таратуға, оның ішінде мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге жазбаша келісім алуға міндетті.

- 14) Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін өңдеуіне келісімінің болмауы үшін, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және дербес деректерді жалпыға қолжетімді дербес деректер көздерінде, электрондық және өзге дерекқорларда және картотекаларда таратуға, сондай-ақ мұндай деректерді үшінші тұлғаларға беруге келісімнің болмауы жағдайлары үшін жауапты болады.
- 15) Деректерді жинауға және өңдеуге келісім мыналарды қамтиды:
- атауы (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе),
 - бизнес-сәйкестендіру нөмірі (жеке сәйкестендіру нөмірі)
 - субъектінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);
 - дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім қолданылатын мерзім немесе кезең;
 - оператордың дербес деректерді үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігі не мұндай мүмкіндіктің болмауы туралы мәліметтер;
 - оларды өңдеу процесінде дербес деректерді трансшекаралық берудің бар-жоғы не жоқтығы туралы мәліметтер;
 - дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде тарату туралы мәліметтер;
 - дербес деректер субъектісімен байланысты жиналатын деректердің тізбесі.
- 16) Сақтанушы өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның жалпыға қолжетімді көздерде, электрондық және өзге дерекқорларда және картотекаларда, әлеуметтік желілерде, интернет-ресурстарда, Сақтанушының, Сақтандырылған тұлғаның, Пайда алушының мобильді қосымшаларында, сондай-ақ олардың серіктестерінің интернет-ресурстарында, мобильді қосымшаларында, әлеуметтік желілерінде сақталатын Сақтанушының дербес деректерін жинауына және өңдеуіне келісімін растайды.
3. Сақтандырушының құқығы бар:
- 1) өзіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттарды тексеруге;
 - 2) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салулар жіберуге;
 - 3) Сақтанушыдан сақтандыру жағдайы фактісін, оның туындау мән-жайларын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге;
 - 4) Сақтанушы осы сақтандыру ережелерінде белгіленген мерзімде басталған сақтандыру жағдайы туралы хабарламаған жағдайда сақтандыру төлемінен бас тартуға;
 - 5) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;
 - 6) сақтандыру жағдайларының алдын алу жөнінде ұсынымдар беруге;
 - 7) осы сақтандыру ережелерінде көзделген өзге де әрекеттерді жасауға.
4. Сақтандырушы міндетті:
- 1) Сақтанушыны осы сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
 - 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;
 - 3) өз қызметінің нәтижесінде алынған Сақтанушы туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
 - 4) сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Сақтанушыға бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін жазбаша түрде жіберуге;
 - 5) сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін Сақтанушы жасаған орынды және мақсатқа сай шығыстарды өтеуге;
 - 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.
 - 7) мынадай жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тартуға:
 - Сақтанушының/ Сақтандырылған тұлғаның/ Пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты тұлғалардың тізбесінде болуы (бұдан әрі мәтін бойынша – ЖҚҚТҚ тізбесі);
 - Сақтанушының/ Сақтандырылған тұлғаның тиісті тексеруді жүргізу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша құжаттарды, сондай-ақ қосымша ақпаратты ұсынбауы;

- ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция КЖ және ТҚ мақсатында жасалып жатыр деп пайымдауға негіздер болған кезде.

13-бап. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңіндегі сақтандыру тәуекелінің ұлғаюының салдары

1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы Сақтандырушыға шартты жасасу кезінде хабарланған мән-жайлардағы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы дереу жазбаша хабарлауға міндетті.
2. Кез келген жағдайда мынадай өзгерістер елеулі деп танылады:
 - Сақтанушы қызметінің түрінің өзгеруі;
 - Сақтанушының басшы құрамының, құрылтайшыларының, акционерлер құрамының өзгеруі;
 - Сақтанушының ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі;
 - Сақтанушы мүлкіне меншік құқығының басқа тұлғаға ауысуы;
 - мемлекеттік органдар тарапынан Сақтанушының лицензиялары мен өзге де арнайы рұқсат құжаттарына ұйғарымдар шығару, кері қайтарып алу, қолданылуын тоқтата тұру;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін мәмілелер және өзге де заңдық мәні бар әрекеттер жасау;
 - заңды тұлғалардың құрылтайшылары немесе акционерлері құрамына қатысу;
 - ірі мәмілелер жасау;
 - мүліктік кешенді сенімгерлік басқаруға беру, мүлікті жалға, лизингке, кепілге беру және өзге де ауыртпалық салу;
 - санкциялардың салынуы, сот және/немесе сотқа дейінгі азаматтық, қылмыстық және әкімшілік процестерге қатысу;
 - Сақтанушының өзінің төлем қабілеттілігінен жоғары міндеттемелер қабылдауы;
 - сақтандыру шартын жасасу кезінде ұсынылған қаржылық есептілікпен салыстырғанда Сақтанушының қаржылық тұрақтылығына, төлем қабілеттілігіне әсер ететін қаржылық көрсеткіштердің өзгеруі;
 - қосарлы сақтандырудың болуы;
 - сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушының өтініш-сауалнамасында көрсетілген талаптардың өзгеруі.
3. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.
4. Егер Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысын қайтару тәртібі сақтандыру шартында белгіленеді.
5. Егер Сақтанушы осы баптың 1-тармағында көзделген міндетті орындамаса, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және шартты бұзудан келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге, ал сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырмауға құқылы.
6. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар әлдеқашан жойылған болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

14-бап. Сақтандыру жағдайы басталған кездегі Сақтанушының әрекеті

1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға және/немесе салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:
 - қалыптасқан мән-жайларда ықтимал залалдардың алдын алу немесе оларды азайту үшін, оның ішінде бүлінген мүлікті құтқару және сақтап қалу жөніндегі шараларды қоса алғанда, барлық орынды және қолжетімді шараларды қабылдауға (егер Сақтандырушы нақты шараларды қабылдау туралы нұсқаулар берген болса, соларды орындауға тиіс);

- уәкілетті мемлекеттік және өзге де құзыретті органдар тарапынан оқиғаның құжаттық ресімделуін қамтамасыз етуге;
 - өзі білген күннен бастап барынша қысқа мерзімде, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, оқиға туралы Сақтандырушыны немесе оның уәкілетті өкілін хабардар етуге, оған оқиға мән-жайлары, келтірілген залалдың түрлері мен болжамды мөлшері туралы өзіне белгілі барлық мәліметтерді хабарлауға, Сақтандырушымен одан әрі әрекеттерді келісуге, сондай-ақ Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша жазбаша өтініш ұсынуға. Егер сақтандыру шартында өзге мерзім және (немесе) хабарлау тәсілі көзделсе, ол келісілген мерзімде және шартта көрсетілген тәсілмен жасалуға тиіс. Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (жиырма төрт сағат ішінде) жазбаша түрде расталуға тиіс;
 - Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;
 - Сақтандырушыға залалдың себептері мен мөлшері жөнінде тергеп-тексеру жүргізуге, залалды азайту жөніндегі іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беруге;
 - залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты талап ету құқығын қамтамасыз етуге.
2. Сақтандырушыны шартта белгіленген мерзімде сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар етпеу оған сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

15-бап. Сақтандыру жағдайының басталғанын және залал мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

1. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ ол келтірген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.
2. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы құжатпен мынадайды дәлелдеуге міндетті:
 - қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде залалдарға жол бермеуге өзінің мүддесінің болуын;
 - сақтандыру жағдайының болуын;
 - келтірілген залалдардың мөлшерін.
3. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынуға тиіс:
 - 1) жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу талаптарының сақталуын растау үшін:

сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтініш; сақтандыру шарты (сақтандыру полисі); өтініш берушінің жеке куәлігі; жеке тұлғаны жеке кәсіпкер ретінде тіркеу туралы куәлік (егер Сақтанушы жеке тұлға болып табылса және жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса); Сақтанушыны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (егер Сақтанушы заңды тұлға болса), сақтандыру компаниясында іс жүргізу және сақтандыру төлемін алу құқығына сенімхат;
 - 2) сақтандыру жағдайының бар екендігін дәлелдеу үшін:

сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы құзыретті уәкілетті органдар мен тұлғалар (комиссиялар) жасаған құжаттар не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар, сондай-ақ:

 - жұмыстан айырылу нәтижесіндегі залалдар кезінде – тұлғаның жұмыссыз ретінде тіркелу үшін жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға жүгінгенін растайтын анықтама, Сақтанушының жұмысынан айырылғанын растайтын жұмыс берушінің құжаттары (өтініш, бұйрық, хабарлама);
 - табыстан айырылу нәтижесіндегі залалдар кезінде – Сақтанушының табыс алуының нақты мүмкіндігін, табыстың жоғалуын, табыстың жоғалу себебін, бухгалтерлік есеп деректерін, бухгалтерлік кітаптарды, аудиторлық есептерді (қорытындыларды), табыстың жоғалуы туралы есептеулерді, сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар;
 - қолайсыз табиғи құбылыстар нәтижесіндегі залалдар кезінде – гидрометеорологиялық қызмет органының және (немесе) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның өз құзыреті шегінде қолайсыз табиғи құбылыс фактісін растайтын актілері, қорытындылары, анықтамалары;
 - үздіксіз, күтпеген шығыстар қажеттілігі нәтижесіндегі залалдар кезінде – шеккен үздіксіз, күтпеген шығыстарды растайтын құжаттар; шеккен үздіксіз, күтпеген шығыстардың себебін растайтын құжаттар; бухгалтерлік есеп деректері, бухгалтерлік кітаптар, аудиторлық есептер (қорытындылар);



- нарықтық құнды жоғалту нәтижесіндегі залалдар кезінде – нарықтық құнның жоғалуын растайтын құжаттар; нарықтық құнды жоғалту себептерін растайтын құжаттар; бухгалтерлік есеп деректері; нарықтық құнның жоғалуына себеп болған еңсерілмейтін күш мән-жайларының бар екендігі туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың анықтамасы;
 - өндірістік процестің мәжбүрлі тоқтауы немесе оның көлемінің қысқаруы кезінде – сақтандыру жағдайлары ретінде қарастырылатын оқиғаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзыретті уәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттар.
3. келтірілген залалдардың мөлшерін дәлелдеу үшін:
 - a) заңды күшіне енген сот қаулысы (шешімі);
 - b) бухгалтерлік есеп деректері, бухгалтерлік кітаптар;
 - c) бағалаушының (тәуелсіз сарапшының) бағалау туралы есебі;
 - d) аудиторлық есеп (қорытынды);
 - e) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шеккен сот шығындарын растайтын өзге құжаттардың көшірмелері;
 4. Сақтанушы сақтандыру жағдайының басталуын болғызбауға мүдделілігін және келтірілген залалдардың мөлшерін растайтын өзге де құжаттар мен дәлелдемелерді ұсынуға құқылы.
 5. Жекелеген жағдайларда Сақтандырушы, егер қолда бар дәлелдемелер негізінде келтірілген залалдардың мөлшерін пайымдау мүмкін болмаса немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу талап етілсе, сондай-ақ Сақтанушының осы сақтандыру ережелерінде көзделген міндеттерін орындауын растайтын құжаттар қажет болған жағдайда, осы баптың 3-тармағында көрсетілмеген өзге құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.
 6. Болған оқиға туралы неғұрлым толық ақпарат алу мақсатында Сақтандырушы құзыретті органдардан (ішкі істер органдарынан, өрт қадағалауынан, авариялық-техникалық қызметтерден, газ желісінің авариялық қызметтерінен), оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар кәсіпорындардан, мекемелерден және ұйымдардан мәліметтер сұратуға, сондай-ақ оның туындау себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға құқылы.
 7. Қажет болған жағдайда оқиғаның басталу себептері мен залал мөлшерін айқындау жөніндегі жұмыс Сақтандырушының тапсырмасы бойынша тәуелсіз сарапшылар, бағалаушылар, авариялық комиссарлар, сюрвейерлер, аджастерлер арқылы орындалуы мүмкін.
 8. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттардың толық емес топтамасы ұсынылған жағдайда Сақтандырушы бұл туралы Сақтанушыны соңғы құжатты алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

16-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары

1. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы жазбаша өтінішті алғаннан кейін, сондай-ақ сақтандыру төлемі үшін қажетті барлық құжаттар ұсынылғаннан кейін Сақтандырушы мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:
 - 1) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталу фактісін анықтайды; Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; Сақтанушының өзінің қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруы нәтижесінде туындаған залалдарға жол бермеуге мүддесінің бар-жоғын тексереді; залал келтірілген оқиғаның фактісі мен себептерін анықтайды; сарапшыларды, авариялық комиссарларды тарту қажеттігін анықтайды, өзге де әрекеттерді жүзеге асырады;
 - 2) оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.
2. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан осы сақтандыру ережелерінің 15-бабында, сақтандыру шартында көрсетілген Сақтанушы ұсынған құжаттардың, сондай-ақ қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін Сақтандырушы не оның өкілі жасаған сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде жүзеге асырылады.
3. Егер Сақтанушы осы сақтандыру ережелерінің 15-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынбаса немесе залалдың басталу мән-жайлары мен оның мөлшеріне қатысты көрінеу жалған мәліметтерді не жалған құжаттарды ұсынса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды.



4. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемі сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде Сақтанушы шеккен нақты залал мөлшерінен аспауға тиіс.
5. Сақтандыру төлемі әрбір сақтандырылған объект бойынша сақтандыру шартында айқындалған франшизаны (шартты, шартсыз) және сақтандыру сомасын ескере отырып мынадай тәртіпшен жүзеге асырылады:
 - 1) егер сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартында белгіленген франшизаның мөлшерінен аспаса, сақтандыру төлемі жүзеге асырылмайды;
 - 2) егер сақтандыру төлемінің мөлшері шартсыз франшизаның мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі сақтандыру шартында белгіленген шартсыз франшизаның мөлшерін шегере отырып жүзеге асырылады;
 - 3) егер сақтандыру төлемінің мөлшері шартты франшизаның мөлшерінен асса, сақтандыру төлемі шартты франшизаны шегермей, келтірілген залал мөлшерінде жүзеге асырылады.
6. Сақтанушы залалдардың алдын алу немесе оларды азайту мақсатында шеккен шығыстар, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалған болса, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болған жағдайда да, Сақтандырушы тарапынан өтелуге жатады.
7. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан (жауапкершіліктің шекті көлемінен) аспауға тиіс.
8. Сақтандырушы Сақтанушы ықтимал залалдарды азайту үшін өзіне қолжетімді және орынды шараларды қасақана қабылдамағандықтан туындаған залалдар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
9. Егер Сақтанушы келтірілген залал үшін жауапты тұлғадан өтемақы алса, Сақтандырушы осы баптың 4-тармағын ескере отырып, келтірілген нақты залал мөлшері мен көрсетілген тұлғадан алынған өтемақы мөлшерінің арасындағы айырма мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.
10. Сақтандыру жағдайы басталған кезде залалдардың нақты мөлшері Сақтандырушы мен Сақтанушының келісімі бойынша, Сақтанушы, құзыретті органдар, оқиғаның басталу мән-жайлары туралы ақпараты бар кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар ұсынған осы сақтандыру ережелерінің 16-бабында көрсетілген құжаттар ескеріле отырып айқындалады.
11. «Өндірістік процестің мәжбүрлі тоқтауы немесе оның көлемінің қысқаруы» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтанушының есептік құжаттары мен арнайы есептеулер негізінде айқындалады. Бұл үшін өндірістік процестің мәжбүрлі тоқтауына немесе оның көлемінің қысқаруына дейінгі белгілі бір кезеңдегі (он екі айға тен) орташа пайда мөлшері белгіленеді. Сақтандыру төлемінің сомасын белгілеу кезінде, егер Сақтанушының қаржы-шаруашылық қызметі көрсетілген себептер бойынша үзілмеген болса, оның нәтижелеріне сөзсіз әсер ететін барлық факторлар да ескеріледі. Егер бақылау кезеңінде Сақтанушы ешқандай пайда алмаса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырмайды, өйткені өндірістік процестің мәжбүрлі тоқтауы немесе оның көлемінің қысқаруының өзі болмаған деп есептеледі.
12. Сақтандыру шартында сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан төмен белгіленуі мүмкін (толық емес сақтандыру). Мұндай жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға соңғысының шеккен залалдарының бір бөлігін сақтандыру сомасының сақтандыру құнына қатынасына пропорционалды түрде өтеуге міндетті.

17-бап. Сақтандыру төлемі туралы немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімі

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық құжаттарды алғаннан кейін он күндік мерзімде не Тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде сақтандыру төлемі туралы не сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін негізді түрде дәлелдейді.

2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін сақтандыру төлемі туралы шешім шығарылғаннан кейін он күндік мерзімде не сақтандыру шартында Тараптар айқындаған мерзімде жүзеге асырады.
3. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 353-бабына сәйкес жауапты болады.
4. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы сот тәртібімен шағымдана алады.
5. Сақтандырушы осы сақтандыру ережелерінің 6-бабында көзделген жағдайларда Сақтанушыға сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.
6. Жарамсыз құжаттар ұсынылған жағдайда сақтандыру төлемі түпнұсқа құжаттар ұсынылғаннан кейін он күндік мерзімде жүзеге асырылады.

18-бап. Сақтандырушыға Сақтанушының залалдарды өтеуге қатысты құқықтарының ауысуы (суброгация, регресс)

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға төленген сома шегінде сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты Сақтанушының талап ету құқығы ауысады.
2. Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтанушы Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және Сақтандырушыға өзіне ауысқан талап ету құқығын жүзеге асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
3. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты өз талап ету құқығынан бас тартса немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының кінәсінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.
4. Сақтандырушыға ауысқан талап ету құқығын ол Сақтанушы мен залалдар үшін жауапты тұлға арасындағы қатынастарды реттейтін қағидаларды сақтай отырып жүзеге асырады.

19-бап. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

1. Егер сақтандыру шартында өзгеше айқындалмаса, сақтандыру шарты мынадай жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады:
 - 1) Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы (Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы) алдындағы міндеттемелерді толық көлемде орындауы;
 - 2) сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің аяқталуы;
 - 3) заңды тұлға болып табылатын Сақтанушының таратылуы немесе жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының қайтыс болуы, егер Сақтандырылған тұлға сақтандыру жарналарын төлеу жөніндегі Сақтанушының міндеттерін өзіне қабылдасамаса;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтандырушының таратылуы;
 - 5) соттың сақтандыру шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы.
2. Тараптар сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Тараптар сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы бір-бірін сақтандыру шартын тоқтатудың болжамды күнінен кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
3. Егер сақтандыру шарты мынадай мән-жайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса:
 - 1) сақтандыру объектісі өмір сүруін тоқтатқан кезде;
 - 2) мүлкітік сақтандыру объектісін Сақтанушы иеліктен шығарған кезде, егер Сақтандырушы Сақтанушыны ауыстыруға қарсылық білдірсе;
 - 3) өз кәсіпкерлік тәуекелін сақтандырған Сақтанушының кәсіпкерлік қызметті белгіленген тәртіппен тоқтатуы;
 - 4) сақтандыру жағдайының басталу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелінің болуы сақтандыру жағдайынан өзге мән-жайлар бойынша тоқтаған кезде;
 - 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі;

- 6) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңында көзделген жағдайларда;
- 7) мынадай жағдайларда:
 - Сақтанушыны, Сақтандырылған тұлғаны және Пайда алушыны тиісті тексеру жөніндегі шараларды қабылдаудың мүмкін болмауы;
 - іскерлік қатынастар ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланылады деп пайымдауға негіздердің болуы. Бұл жағдайда Сақтандырушы Шартты Сақтанушыға жазбаша хабарлама жолдау арқылы бұзады. Сақтандыру шарты Шартты тоқтату үшін негіз ретінде осы тармақта көзделген көрсетілген мән-жай туындаған сәттен бастап тоқтатылды деп есептеледі, бұл туралы Сақтанушы Сақтандырушыны дереу хабардар етуге міндетті.
4. Осы бөлімнің 3-тармағында көрсетілген оқиғалар басталған кезде Сақтандырушы сақтандыру жағдайлары болмаған жағдайда, сақтандыру шартын жасасуға байланысты әкімшілік шығыстарды (сақтандыру шарты бойынша табыс салығын, агенттік сыйақыны және осы сақтандыру шартына қызмет көрсететін менеджерге сыйақыны қоса алғанда) жалпы сақтандыру сыйлықақысының 25 % мөлшерінде шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады.
5. Жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының сақтандыру полисінен бас тартуына байланысты, егер бұл осы Ережелердің 3-тармағында және ҚР АҚ 841-бабының 1-тармағында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтандыру шарты жасалған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде Сақтандырушы жеке тұлға болып табылатын Сақтанушыға сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру полисін бұзуға байланысты шығыстарды алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.
6. Жеке тұлға болып табылатын Сақтанушының Қарыз шартына байланысты Сақтандыру полисінен, қарыз алушының қарыз шарты бойынша қарыз беруші алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты бас тарту себебі бойынша Сақтандыру полисін мерзімінен бұрын бұзған кезде, Сақтандырушы жеке тұлға болып табылатын Сақтанушыға сақтандыру қолданылған уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бір бөлігін және сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (он) пайызы мөлшерінде шегере отырып, алынған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.
7. Осы Сақтандыру ережелерінің 3–6-тармақтарында көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзған кезде сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды.
8. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан және сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, Сақтанушы бас тартқан күннен бастап 1 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуге, сондай-ақ сыйлықақыны уақтылы төлемегені үшін төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының 0,1% мөлшерінде әрбір кешіктірілген күн үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
9. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату Сақтандырушының кінәсінен оның талаптарын орындамауға байланысты болған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық көлемде қайтаруға міндетті.

20-бап. Қосымша талаптар

1. Сақтандыру ережелерінің талаптарына өзгерістер енгізу қажет болған кезде өзгерістер Сақтандырушының уәкілетті органымен келісуге жатады.
2. Сақтанушы, Сақтандырылған тұлға, Пайда алушы Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға бере алмайды.
3. Сақтанушының осы Сақтандыру ережелеріне сақтандыру полисін жасасу арқылы қосылуы Сақтанушының, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) дербес деректерін, оның ішінде дербес деректерді қайта сақтандыру шартын жасасу кезінде беруді қоса алғанда, жинауына және өңдеуіне келісімін растайды. Дербес деректерді пайдалану

Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Шарт талаптарын және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын орындауы, сондай-ақ тұтастай Сақтандырушы қызметінің мақсаттарын іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

4. Сақтандыру полисін жасасу арқылы Сақтанушы дербес деректерді жинауға, сақтауға және өңдеуге, оның ішінде мұндай деректерді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға беруге өзінің, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаның (Пайда алушының) келісімін растайды.
5. Сақтандыру полисін жасасу арқылы Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру шартын жасасуға, сондай-ақ Сақтандырушының не үшінші тұлғаның Сақтандырылған тұлғаның дербес деректерін өңдеуіне, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге, мұндай деректерді Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға беруге, сондай-ақ Сақтандырылған тұлғаны ауыстыруға жазбаша келісімін алғанын растайды.
6. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) Шартты жасасуға келісімін алғанын растайды. Сақтанушы Сақтандырылған тұлғаны (тұлғаларды) ауыстыруға құқылы, бұл ретте Сақтандырылған тұлғаның (тұлғалардың) ауыстыруға келісімі талап етілмейді.
7. Шарт бойынша тікелей немесе жанама түрде мынадай оқиғалардың әсер етуі нәтижесінде немесе олар болған кезде туындаған жауапкершілікті сақтандыру жабылмайды:
 - 1) соғыста, соғыс қимылдарында, арнайы операцияларда, бітімгерлік акцияларда, кез келген конфронтацияларда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген өзге де осыған ұқсас әрекеттерде пайдалануға арналған не қолданылатын кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруының және өзге де құралдардың/жабдықтардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзбелі құралдардың, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері;
 - 2) соғыста, соғыс қимылдарында, арнайы операцияларда, бітімгерлік акцияларда, кез келген конфронтацияларда, толқуларда, жаппай тәртіпсіздіктерде, революцияларда, төңкерістерде, билікті құлатуда, оккупацияларда, интервенцияларда және кез келген өзге де осыған ұқсас әрекеттерде пайдалануға арналған, қолданылған не қолданылғаннан кейін қалған кез келген зымырандардың, снарядтардың, миналардың, торпедалардың, бомбалардың, жаппай қырып-жою қаруының және өзге де құралдардың/жабдықтардың, машиналардың, кемелердің/өзге де жүзбелі құралдардың, техниканың, дрондардың, роботтардың, техникалық құралдардың, жабдықтардың әсері, не осындай әрекеттердің іске аспаған залалсыздандырылған құралдары қалған жағдайда.
8. Шарт бойынша тікелей немесе жанама түрде мынадай жағдайда туындаған жауапкершілікті сақтандыру жабылмайды:
 - 1) соғыс жарияланғанына немесе жарияланбағанына қарамастан соғыс қимылдары;
 - 2) мемлекеттік органдар, әскери қызметшілер, әскери міндеттілер, жалдамалы әскерлер, бітімгерлер жүргізетін кез келген арнайы операциялар, іс-шаралар, әрекеттер;
 - 3) жаппай тәртіпсіздіктер, революциялар, конфронтациялар, толқулар, оккупациялар, интервенциялар, локауттар, ереуілдер, митингілер;
 - 4) терроризмге қарсы операциялар;
 - 5) бітімгерлік операциялар;
 - 6) төтенше жағдай;
 - 7) коменданттық жағдай;
 - 8) әскери жағдай;
 - 9) жүріп-тұруды шектеу режимдері;
 - 10) жаппай тонаудың, қарақшылықтың, ұрлықтың, бұзақылықтың болуы.
9. Шарт бойынша мыналардың нәтижесінде туындаған залал немесе жоғалту сақтандыру қорғанысымен жабылмайды:
 - 1) Кез келген үкіметтің немесе оның бұйрығы бойынша (әскери, азаматтық немесе de-facto), не қоғамдық немесе жергілікті билік органдарының сақтандырылған мүлікті тәркілеуі, ұлттандыруы, басып алуы, ұстап қалуы, қамауға алуы, жоюы, иемденуі, реквизициялауы, меншікке немесе пайдалануға алуы.
 - 2) Өзге де қандай да бір талаптарға қарамастан, егер мұндай жабу, төлем, сақтандыру төлемі немесе қызмет көрсету және/немесе Сақтанушының кез келген кәсіпкерлік немесе өзге де қызметі сауда немесе экономикалық санкциялар туралы қолданылатын кез келген заңнамалық

немесе өзге де нормативтік-құқықтық нормаларды бұзу болып табылатын болса, шарт бойынша сақтандыру осындай оқиғаларға қолданылмайды, ал Сақтандырушы Сақтанушыға немесе өзге тұлғаға қандай да бір төлемдерді немесе сақтандыру төлемдерін жүзеге асырмайды және қандай да бір қызметтер көрсетпейді.

10. Тараптар OFAC, Еуропалық Одақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе оған қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды адамдарына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушының Сақтанушыға қарапайым жазбаша хабарлама жіберу арқылы Шартты мерзімінен бұрын біржақты тәртіппен бұзуға құқығы бар екеніне келіседі. Шарт Сақтандырушының Сақтанушыға электрондық пошта арқылы немесе сақтандыру шартында көрсетілген мекенжай бойынша пошта арқылы хабарлама жіберген сәттен бастап бұзылды деп есептеледі.
11. Тараптар Шарттың қолданылуы Ережелердің 10-тармағына сәйкес тоқтатылғаннан кейін Сақтандырушы осы Шарт бойынша төленген агенттік сыйақыны шегере отырып, сақтандыру қорғанысының пайдаланылмаған кезеңіне пропорционалды пайдаланылмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Шарттың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде қайтаратынына келіседі.
12. Тараптар OFAC, Еуропалық Одақ, Ұлыбританияның Украинаның аумақтық тұтастығын, егемендігін және тәуелсіздігін бұзатын немесе оған қауіп төндіретін әрекеттерге қатысты шектеу шаралары бойынша санкциялар және/немесе шектеулер Сақтанушыға, оның: аффилиирленген тұлғаларына, лауазымды адамдарына, жұмыскерлеріне, бенефициарларына, консультанттарына, өкілдеріне, серіктестеріне, контрагенттеріне қатысты қолданылған жағдайда, Сақтандырушы осы Шарт бойынша, оның ішінде санкциялар мен шектеулер қолданылғанға дейін басталған оқиғалар бойынша да сақтандыру төлемін жүзеге асырмайтынына келіседі.
13. Тараптар Ережелердің 10-тармағына сәйкес Шартты біржақты тәртіппен бұзу кезінде және санкциялар мен шектеулерге байланысты сақтандыру төлемі төленбеген жағдайда Сақтандырушының тұрақсыздық айыбын төлемейтініне және Сақтанушыға /Сақтандырылған тұлғаға/ Пайда алушыға қандай да бір залалдарды өтемейтініне келіседі.

21-бап. Дауларды шешу тәртібі

1. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы (Пайда алушы) арасында туындайтын даулар Тараптардың тікелей келіссөздер жүргізуі арқылы қаралады.
2. Тараптар реттемеген даулар Алматы қ. соттарының қарауына беріледі, егер Шарттың тарапы заңды тұлға болса, дау Алматы қ. мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады, ал егер Шарттың тарапы жеке тұлға болса, дау Алматы қ. Алмалы аудандық сотында қаралады.



**Басқа қаржылық шығындардан
сақтандыру ережелеріне
№1 қосымша**

**САҚТАНДЫРУ ПОЛИСИ
СТРАХОВОЙ ПОЛИС**

№ _____

Осы сақтандыру полисі «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ уәкілетті органмен келісілген басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру Ережесіне
Настоящий страховой полис является договором присоединения к Правилам страхования от прочих финансовых убытков.

САҚТАНДЫРУ СЫНЫБЫ / КЛАСС СТРАХОВАНИЯ	СТРАХОВАНИЕ ОТ ПРОЧИХ ФИНАНСОВЫХ УБЫТКОВ.
МЕМЛЕКЕТТІК ЛИЦЕНЗИЯ / ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЛИЦЕНЗИЯ	
САҚТАНДЫРУШЫ / СТРАХОВЩИК	«Евразия» СК» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050004, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 59. тел.: (727) 258 43 36; факс: 258 43 38, «Еуразиялық банк» АҚ-ның № 6 филиалындағы, БСН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005, BIC/SWIFT: EURIKZKA / АО «СК «Евразия», Республика Казахстан, 050004, г. Алматы, ул. Желтоқсан, 59. тел.: (727) 258 43 36, факс: 258 43 38, БИН: 950540000024, IBAN: KZ4094806KZT22030005 в Филиале №6 АО «Евразийский банк» г.Алматы, BIC/SWIFT: EURIKZKA
САҚТАНУШЫ (атауы, БСН, экономика секторының коды (ЭСК), резиденттік белгісі (РБ), экономикалық қызмет түрі (ЭКТ), мекен-жайы, телефоны банктік деректемелері)/ СТРАХОВАТЕЛЬ (наименование, БИН, код сектора экономики (КСЭ), признак резидентства (ПР), вид экономической деятельности (ВЭД), адрес, телефон, банковские реквизиты)	
САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ / ОБЪЕКТ СТРАХОВАНИЯ	Имущественные интересы страхователя, связанные с риском возникновения убытков в результате потери работы, потери дохода, неблагоприятных природных явлений, непрерывных, непредвиденных расходов, потери рыночной стоимости и других убытков в результате осуществления финансово-хозяйственной деятельности.
САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ / СТРАХОВАЯ СУММА	САҚТАНДЫРУ СЫЙАҚЫСЫ / СТРАХОВАЯ ПРЕМИЯ
САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ / СТРАХОВОЙ СЛУЧАЙ	По настоящему страховому полису, заключенному в соответствии с правилами страхования, может быть застрахован риск возникновения убытков страхователя, в результате осуществления финансово-хозяйственной деятельности, в период действия страховой защиты (одного страхового случая, либо нескольких по совокупности): 1) убытки в результате потери работы; 2) убытки в результате потери дохода; 3) убытки в результате неблагоприятных природных явлений; 4) убытки в результате непрерывных, непредвиденных расходов; 5) убытки от потери рыночной стоимости; 6) вынужденная остановка производственного процесса или сокращения его объема.
ФРАНШИЗА / ФРАНШИЗА	_____, в размере ____ % от страховой суммы.
САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ВАЛЮТА ТҮРІ, ОНЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ / ВИД ВАЛЮТЫ, ПОРЯДОК И СРОКИ УПЛАТЫ СТРАХОВОЙ ПРЕМИИ	

САҚТАНДЫРУ АЙМАҒЫ / ТЕРРИТОРИЯ ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	
САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІ / СРОК ДЕЙСТВИЯ СТРАХОВОГО ПОЛИСА	с «__» _____ 20__ года по «__» _____ 20__ года. обе даты включительно
ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР / ОСОБЫЕ УСЛОВИЯ	
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ /ПОРЯДОК И СРОКИ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ СТРАХОВОЙ ВЫПЛАТЫ	Страховщик, после получения всех необходимых документов для принятия решения о страховой выплате, в десятидневный срок, принимает решение о страховой выплате либо об отказе в страховой выплате, о чем сообщает страхователю в письменной форме. Страховщик осуществляет страховую выплату страхователю в десятидневный срок после вынесения решения о страховой выплате.
ПОЛИСТІҢ ТАЛАПТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТӘРТІБІ / СЛУЧАИ И ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ В УСЛОВИЯ ПОЛИСА	Внесение изменений и дополнений в настоящий страховой полис производится по обоюдному согласию сторон, на основании письменного заявления (уведомления) одной из сторон. Если какая-либо сторона не согласна на внесение изменений и дополнений в настоящий страховой полис, в пятидневный срок решается вопрос о продолжении действия настоящего страхового полиса на прежних условиях или о прекращении настоящего страхового полиса. Изменения и дополнения к настоящему Полису оформляются путем расторжения и заключения нового страхового полиса..

Комиссиялық сыйақы. Комиссионное вознаграждение – не/да,нет/жок.

Сақтандыру ережелерімен таныстым, өзім хабарлаған мәліметтерді шынайылығын растаймын, полисті және сақтандыру ережелерінің көшірмесін алдым./
С правилами страхования ознакомлен, достоверность сообщенных мною сведений подтверждаю, полис и копию правил страхования получил.

**Сақтандырушы (немесе оның өкілі)/
Страховщик (или его представитель):**
АО «Страховая компания «Евразия»

Сақтанушы / Страхователь:

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

Если подписант агент
Агент (ФИО/Наименование)
Адрес (если агент юридическое лицо)
ИНН/БИН
телефон

(аты-жөні, қолы / Ф.И.О. подпись)

М.П.

Берілген күні / Дата выдачи: «__» _____ 20__ ж./г.

ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Сақтанушы құқылы:

- 1) сақтандырушыға оның қаржылық тұрақтылығы және төлем қабілеттігі бойынша ақпарат талап ету;
- 2) сақтандыру жағдайы басталғаннан бастап осы сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде (жауаптылығының шекті көлемінде) сақтандыру төлемін алуға;
- 3) өз құқықтары мен заңды мүдделерін сот арқылы қорғауға;
- 4) сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тартуға;
- 5) сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту жөніндегі шешіміне дау айтуға;
- 6) сақтандыру полисін жоғалтып алған жағдайда, сақтандыру ережелерімен белгіленген тәртіпте оның дубликатын алуға;
- 7) басқа да сақтандыру ережелерінде көзделген әрекеттерге ие.

2. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сақтандыру жағдайының басталу ықтималдылығын және оның басталуынан мүмкін болатын залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар белгілі болған мән-жайлар туралы хабарлау.
- 2) дереу, Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы, сонымен қатар Шартты жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы оған белгілі болған маңызды өзгерістер туралы хабарлау, егер бұл өзгерістер Шарттың әрекет ету кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін болса. Шарт жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы кез келген өзгерістер маңызды болып танылады;
- 3) полисті жасасу алдында сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін оған белгілі барлық мәліметтерді хабарлау және осыған сәйкес сақтандырушының сақтандыру полисін жасасу туралы шешім қабылдауы;
- 4) осы сақтандыру полисі бойынша сақтандыру объектісіне тиісті басқа сақтандыру компанияларымен жасалған және жасалынатын сақтандыру шарттары туралы жазбаша хабарлау;
- 5) осы сақтандыру полисінде белгілеген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;
- 6) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы кідіріссіз, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы жәбірленушіге хабарлауға;
- 7) сақтандыру жағдайынан туатын залалдарды азайту үшін немесе тоқтату үшін мүмкін болатын және нысаналы шаралардың барлығын қолдануға;
- 8) сақтандырушыға сақтандыру оқиғасына байланысты барлық ақпаратты ұсыну келтірілген шығынның көлемі мен сипатын себептері мен жағдайын ұсыну;
- 9) сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға;
- 10) сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ оның келтірген залалын дәлелдеуге;
- 11) өзінің қайта ұйымдастырылуы және таратылуы туралы сақтандырушыға уақтылы хабарлауға;
- 12) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап ету құқығының ауысуын қамтамасыз ету.

3. Сақтандырушы құқылы:

- 1) берілген хабарды және құжаттарды тексеруге;
- 2) сақтандыру жағдайының белгісі бар кез-келген сақтандыру оқиғасы басталған сәттен бастап өз бетінше оқиғаның себебін анықтау, сонымен бірге құзыретті органдарға сұраныс жіберу;
- 3) сақтандыру оқиғасының фактісін анықтау үшін (шығу себебі) сақтанушыдан немесе сақтандырылушыдан ақпарат талап ету;
- 4) осы сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде, сақтандыру жағдайының басталғандығы туралы хабарламаған жағдайда және басқа да Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту;
- 5) сақтандыру тәуекелі ұлғайған жағдайда, сақтандыру полисінің жағдайын өзгертуге немесе тәуекелдің ұлғаю мөлшері бойынша қосымша сақтандыру сыйақыны төлеткізуге талап ету;
- 6) сақтандыру жағдайларының алдын алу жөнінде ұсынымдар беруге;
- 7) басқа да сақтандыру ережелерінде көзделген әрекеттерге ие.

4. Сақтандырушы міндетті:

ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН

1. Страхователь имеет право:

- 1) требовать от страховщика предоставление информации об его платежеспособности и финансовой устойчивости;
- 2) получить страховую выплату при наступлении страхового случая в пределах указанного в настоящем страховом полисе размера страховой суммы (предельного объема ответственности);
- 3) защищать свои права и законные интересы в судебном порядке;
- 4) привлекать независимого эксперта для оценки страхового риска;
- 5) оспорить решение страховщика об отказе в осуществлении страховой выплаты или уменьшении ее размера;
- 6) при утере страхового полиса получить его дубликат в порядке, предусмотренном правилами страхования;
- 7) совершать иные действия, предусмотренные правилами страхования.

2. Страхователь обязан:

- 1) сообщить об известных обстоятельствах, имеющие существенное значение для определения вероятности наступления страхового случая и размера возможных убытков от его наступления;
- 2) незамедлительно, сообщать Страховщику об увеличении страхового риска, а также о ставших ему известными значительных изменениях в обстоятельствах, сообщенных страховщику при заключении Договора, если эти изменения могут повлиять на увеличение страхового риска в период действия Договора. Значительными признаются любые изменения в обстоятельствах, сообщенных Страховщику при заключении Договора;
- 3) при заключении настоящего страхового полиса сообщить страховщику обо всех известных ему обстоятельствах, имеющих существенное значение для оценки страхового риска и принятия страховщиком решения о заключении страхового полиса;
- 4) письменно сообщать страховщику обо всех заключенных и/или заключаемых договорах страхования с другими страховыми компаниями;
- 5) уплачивать страховые премии в размере, порядке и сроки, установленные настоящим страховым полисом;
- 6) незамедлительно, но не позднее трех рабочих дней, письменно уведомить страховщика о наступлении страхового случая;
- 7) предпринимать все возможные и целесообразные меры по предотвращению или уменьшению убытков от страхового случая;
- 8) предоставлять страховщику всю имеющуюся у него информацию, позволяющую судить о причинах, ходе и последствиях страхового случая, характере и размерах причиненного убытка;
- 9) осуществлять мероприятия, направленные на предупреждение страховых случаев;
- 10) доказывать наступление страхового случая, а также причиненных им убытков;
- 11) своевременно сообщать страховщику о своей реорганизации или ликвидации;
- 12) обеспечить переход к страховщику права требования к лицу, ответственному за наступление страхового случая.

3. Страховщик имеет право:

- 1) проверять представляемую ему информацию и документы;
- 2) самостоятельно выяснять причины и обстоятельства события, имеющего признаки страхового случая, в том числе направлять запросы в компетентные органы;
- 3) требовать от страхователя информацию, необходимую для установления факта страхового случая, обстоятельств его возникновения;
- 4) отказать в страховой выплате в случае несообщения страхователем о наступившем страховом случае в установленный настоящим полисом срок;
- 5) в случае увеличения степени риска потребовать изменения условий договора страхования или уплаты дополнительной страховой премии соразмерно увеличению риска;
- 6) давать рекомендации по предупреждению страховых случаев;
- 7) совершать иные действия, предусмотренные правилами страхования.

4. Страховщик обязан:



- 1) сақтанушыны сақтандыру ережелерімен таныстыруға;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы сақтандыру полисінде және сақтандыру ережесінде белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;
- 3) өз қызметінің нәтижесінде сақтанушы туралы алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;
- 4) сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда сақтанушыға бас тартудың дәлелді негізделген себептерін жазбаша нысанда жіберуге;
- 5) сақтанушының сақтандыру жағдайы кезінде залалды азайту үшін жұмсалған шығыстарын өтеуге;
- 6) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.
- 7) Мына жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту:
 - Сақтанушының/ сақтандырылушының/ пайда алушының және (немесе) бенефициарлық меншік иесінің Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің ресми сайтында жарияланған терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде (бұдан әрі мәтін бойынша- ЖҚҚТҚ тізбесі) болуы;
 - Сақтанушы/ сақтандырылушы тиісті тексеру жүргізу үшін құжаттарды, сондай-ақ Сақтандырушының сұрауы бойынша қосымша ақпаратты ұсынбаған;
 - ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операция АЖ және ТҚ мақсатында жасалады деп пайымдауға негіз болған кезде.
5. Сақтанушы, осы Сақтандыру шартына қол қоя отырып, тәуекелдердің алдын алуда және сақтандыру жағдайының басталуына жол бермеуде сақтандыру мүддесінің бар екендігін растайды.
6. Осы сақтандыру полисінде реттелмеген сұрақтар бойынша тараптар «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ сақтандыру ережелерін басшылыққа алады.

- 1) ознакомить страхователя с правилами страхования;
- 2) при наступлении страхового случая произвести страховую выплату в размере, порядке и сроки установленные в настоящем страховом полисе и правилах страхования;
- 3) обеспечить конфиденциальность полученных в результате своей деятельности сведений о страхователе;
- 4) в случае принятия решения об отказе в страховой выплате направить страхователю в письменной форме мотивированное обоснование причин отказа;
- 5) возместить страхователю разумные и целесообразные расходы, произведенные им для уменьшения убытков при страховом случае;
- 6) обеспечить тайну страхования.
- 7) отказать в страховой выплате в случаях:
 - нахождения Страхователя/ Застрахованного/ Выгодоприобретателя и (или) бенефициарного собственника в перечне организаций и лиц, связанных с финансированием терроризма и экстремизма, опубликованного на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу, а также связанных с финансированием распространения оружия массового уничтожения (далее по тексту – Перечень ФРОМУ);
 - не предоставления Страхователем/ Застрахованным документов, а также дополнительной информации по запросу Страховщика для проведения надлежащей проверки;
 - когда есть основания полагать, что операция с деньгами и (или) иным имуществом совершается с целью ОД и ФТ.
5. Страхователь, подписывая настоящий Договор страхования подтверждает, что имеет страховой интерес в предотвращении рисков и недопущении наступления страхового случая.
6. По всем вопросам, неурегулированным настоящим страховым полисом, стороны будут руководствоваться правилами страхования от прочих финансовых убытков АО «Страховая компания «Евразия».